

ЖОСПАР

КІРІСПЕ

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

I МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ҰҒЫМЫ

- 1.1 Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен рөлі
- 1.2 Бюджет жүйесі және бюджет құрылымы
- 1.3 Бюджет балансы. Бюджет тапшылығы

II МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫ

- 2.1 Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымы
- 2.2 Қазақстан республикасының мемлекеттік бюджеті
- 2.3 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы заң

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

КІРІСПЕ

Жұмыстың тақырыбы өте өзекті болып келеді, өйткені объективті белгіштік қатынастардың экономикалық нысаны бола отырып, құндық бөліністің ерекше бөлігі ретінде мемлекеттік бюджет айрықшалықты қоғамдық арналымды орындайды – жалпымемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет етеді, экономикалық категория ретінде көрінеді.

Күрстың жұмыстың мақсаты - мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен рөлін көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін біз мына міндеттерді орындауымыз керек:

- мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен рөлін;
- бюджет жүйесі және бюджет құрылысын;
- бюджет балансы және бюджет тапшылығын;
- мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылысын;
- Қазақстан республикасының мемлекеттік бюджетін;
- 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы заңды көрсету.

Мемлекеттік бюджет ұлттық экономиканың басқарудың басты механизмдерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Бюджет Кодексында көзделген өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңдары Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданыста болады және барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден тиісті қаржы жылына арнап ақша бөлу туралы актілері, осы актілердің қайтарымын негізде ақша бөлу туралы ережелерін қоспағанда, ағылдағы қаржы жылы аяқталғаннан кейін күшін жояды.

Тіксті қаржы жыпына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар, тіксті қаржы жыпына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттардың шешімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың оларды іске асыру туралы актілері тіксті қаржы жыпының 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

I МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ҰҒЫМЫ

1.1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен ролі

Қаржылық байланыстардың орасан зор әр алуандығында жеке ортақ ерекшеліктерімен көпте түсетін оқшауланған сфераларды бөліп көрсетуге болады. Мәселен, мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілермен және қалыптан қалыптасатын қаржы қатынастары жалпы қоғамдық өнімді құндық бөлудің ерекше саласын құрайды және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болады. Қаржы қатынастарының бұл жиынтығы «мемлекеттік бюджет» ұғымының экономикалық мазмұнын құрайды.

Экономикалық қатынастардың жиынтығы ретіндегі мемлекеттік бюджеттің объективті сипаты бар. Бөлудің дәрбес сферасы ретіндегі оның өмір сүруінің объективті қажеттілігі ұлғайтпалы ұдайы өндірістің қажеттіліктерімен, мемлекеттің табиғатымен және функциясымен байланысты. Бұл тиісті орталықтандырылған ресурстарды қажет етеді. Ақша қаражаттарын орталықтандыру бүкіл ұлттық шаруашылық ауқымында үздіксіз ауыспалы айналысды ұйымдастыру үшін, жалпы экономиканың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет.

Экономика дамуының қазіргі кезеңінде орталықтандырылған қаржы ресурстары мемлекетке қоғамдық өндірістің қажетті қарқыны мен үйпесімін қамтамасыз етуге, оның салалық және аумақтық құрылымын жетілдіруге жетуге, экономиканың салаларын дамытудың бірінші кезекті бағдарламасы үшін қажетті көлемде қаражаттарды қалыптастыруға, ірі әлеуметтік өзгерістерді жүргізуге мұмкіндік береді.

Қаржыны орталықтандырудың арқасында ақша қаражаттары, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын табысты іске асыру үшін жағдайларды дайындай отырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың шешуші учаскелеріне шоғырландырылады.

Сөйтіп, объективті белгіштік қатынастардың экономикалық нысаны бола отырып, құндық бөліністің ерекше бөлігі ретінде мемлекеттік бюджет айрықшалықты қоғамдық арналымы орындайды – жалпымемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет етеді, экономикалық категория ретінде көрінеді.

Қаржы қатынастарының белгілі бір жиынтығы ретіндегі мемлекеттік бюджетке ең алдымен жалпы қаржы категориясынан ажырататын өзгеше белгілер тән: бюджет қатынастарының белгіштік сипаты бар, әрқашан ақша нысанында жүзеге асырылады, мақсатты ақша қорларын қалыптастырумен және пайдаланумен қосарлана жүреді. Сонымен бірге, бюджет қатынастарына белгілі бір өзіндік ерекшелік тән, алайда ол қаржымен ортақ өзгеше белгілердің шеңберінен шықпайды.

Құндық бөліністің айрықшалықты сферасы ретінде мемлекеттік бюджет мына өзгеше белгілермен сипатталады:

- 1) мемлекеттен жалпы қоғамдық өнімнің бір бөлігін оқшаулаудың және оны қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты белгіштік қатынастардың айрықша экономикалық нысаны болып табылады;
- 2) құнды жасау және оны тұтыну процесін шарттастыратын материалдық өндіріс қаржысынан және құнды тұтынуға қызмет ететін өндірістік емес сфера қаржысынан мемлекеттік бюджеттің айырмашылығы ол ұлттық шаруашылықтың салалары, аумақтар, экономиканың секторлары, қоғамдық қызметтің сфералары арасында құнды қайта бөлуге арналған;
- 3) қоғамдық өнімнің оның тауар нысанындағы қозғалысымен тікелей байланысты емес құндық бөліністің стадиясын білдіреді және одан белгілі үзілісте жүзеге асырылады, ал қаржы қатынастары материалдық өндірісте де, өндірістік емес сферада да тауар-ақша қатынастарымен тығыз тоқайласып жатады.

Мемлекеттік бюджет, кез келген басқа экономикалық категория сияқты, өндірістік қатынастарды білдіреді және оларға сәйкес келетін нақты материалдық-заттық түрінде болады: бюджет қатынастары мемлекеттің

орталықтандырылған ақша қорында – бюджеттік қорында затталынады. Мұның нәтижесінде қоғамда болып жатқан нақты экономикалық процесстер мемлекеттің жұмысшылатын және пайдаланатын ақша қаражаттарының ағымында өзінің көрінісін табады. Бюджеттік қор – бұл қоғамның өнім мен ұлттық табыстың құндық бөлігінің белгілі стадияларын өткен және ұлғайтатын ұдайы өндіріс, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, қорғаныс және басқару жөніндегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекетке түсетін белгілі қозғалысының объективті шарттасыланған экономикалық нысаны. Бюджеттік қордың қалыптасуы мен пайдаланылуы құнды бөлу және қайта бөлумен байланысты оның қозғалыс процесін білдіреді.

Экономикалық категория ретінде мемлекеттік бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процесінде мемлекет пен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттік бюджет экономикалық категория ретінде жалпы қаржы категориясына сай келетін бөлу және бақылау функцияларын орындайды. Бұл функциялардың іс-қимылы, мазмұны, мән мен маңызы бюджет қатынастарының қаралған айрықшалығымен айқындалады. Сонымен бірге мемлекет қаржысының негізгі буыны ретінде мемлекеттік бюджет белгілілік функция шеңберінде қосалқы функцияларды, атап айтқанда: ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімді қайта бөлу; экономиканы мемлекеттік ретлеу және ынталандыру; әлеуметтік саясатты қаржымен қамтамасыз ету; ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын жасау және пайдалануға бақылау жасау сияқты сипатты функцияларды орындайды.

Мемлекеттік бюджетте қоғамдағы барлық экономикалық процестер бейнеленетіндіктен, сондай-ақ барлық негізгі қаржы институттары – салықтар, мемлекеттің шығыстары, мемлекеттік кредит, мемлекеттік қарыздар және т.т. өзінің шоғырланған көрінісін табатындықтан бюджет мемлекеттің негізгі

қаржы жоспары ретінде сыпатталады. Ол нақты кезеңге, әдетте, бір жылға жасалынады, бюджеттің кірістерін, шығыстарын, орталықтандырылған қаржы ресурстарының шешуші бөлігінің қозғалысын анықтайды. Бюджетті негізгі қаржы жоспары деп мойындау оның ұлттық табысты қайта бөлудегі маңызды орнын, қаржы жоспарларының жүйесіндегі басымдық жағдайын, сондай-ақ қоғамдық ұдайы өндірістегі айрықша рөлін айқындайды.

Негізгі қаржы жоспары мемлекеттің қаржылық қызметінің жемісі болып табылады. Елдің негізгі қаржы жоспарының көрсеткіштері республика Парламентінің жыл сайын қабылдайтын Республикалық бюджет туралы заңына сәйкес сөзсіз орындауға жатады.

Мемлекеттік бюджет ұлттық экономиканы басқарудың басты механизмдерінің бірі. Ол экономикаға мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау мен пайдаланудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы болып табылатын бюджеттік механизм арқылы иқпал етеді. Жалпы экономикаға иқпал етудің құралы ретіндегі бюджеттің рөлі осында көрінеді. Экономиканы реттеу орталықтандырылған ақша қорының сандық көлемін анықтау, оны жасау мен бөлудің нысандары мен әдістерін реттеу, бюджеттің атқарылу процесінде қаржы ресурстарын қайта бөлу жолымен жүзеге асырылады.

Ақырында, мемлекеттік бюджет мемлекет заңдарының бірі болып табылады (мысалы, келесі қаржы жыпына арналған республикалық бюджет туралы заң).

Мемлекеттік бюджет – ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімді қайта бөлудің негізгі құралы. Мемлекеттік бюджеттің (шығыс бөлігінің) көмегімен ұлттық табыстың 30 %, жалпы ішкі өнімнің 10 % бөлінеді және қайта бөлінеді. Бюджет Қазақстанның бүкіл аумағында өндірістік күштерді неғұрлым ұтымды орналастырудың, экономиканы мен мәдениетті көтерудің талаптарын ескере отырып салааралық және аумақтық қайта бөлу үшін пайдаланылады.

Нарықтық механизмге көшу жағдайында мемлекеттік бюджеттің қаражаттары ең алдымен экономиканың құрылымын қайта құруды, кешенді мақсатты бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға, ғылыми-техникалық

әлуеті арттыруға, әлеуметтік дамуды тездетуге және халықтың ең аз қамтылған жігін әлеуметтік қорғауға бағытталуы тиіс.

Шығыстар мен салықтар арқылы бюджет экономика мен инвестицияларды реттеудің және ынталандырудың, өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Бюджет қаражаттарының әлеуметтік бағыттылығының зор маңызы бар. Әлеуметтік саясаттағы басымдықтар - халықтың табысы аз жіктерін (зейнеткерлерді, мүгедектерді, аз қамтылған от бастарын) қолдау, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелерінің жұмыс істеп тұруы.

Қаржылық жоспарлау процесінде бюджет ұлттық шаруашылықтың салаларына және өндірістік емес сфераның мекемелеріне айтарлықтай ықпал етеді. Мемлекеттің ақша қорын жасау және пайдаланудың негізгі қаржы жоспары бола отырып, бюджет барлық кәсіпорындармен және ұжымдармен етене байланысқан.

Бюджеттік жоспарлау мен бюджеттің атқарылуы процесінде ұлттық шаруашылықтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасалынады. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында ресурстарды жұмылдыру және оларды пайдалану процесінде бюджеттік бақылаудың маңызы күшейе түсуде.

1.2. Бюджет жүйесі және бюджет құрылымы

Мемлекеттік органдардың өздерінің функцияларын орындауы үшін басқарудың барлық деңгейлерінде тиісті қаржы базасы болуы тиіс. Осы мақсатпен әр елде аймақтардың шаруашылығын, әлеуметтік сферасын, әрбір әкімшілік - аумақтық бірліктерді абаттандыруды, заң шығарушы бөлімнің басқару аппаратын ұстауды және басқа шараларды қаржыландыру үшін олардың ақша ресурстарын жұмылдыруды қамтамасыз ететін бюджеттер тармақтарының желісі құрылады. Бюджеттердің жекелеген түрлерінің кірістері мен шығыстарын қалыптастыру, оларды теңдестіру процесінде заңмен реттеліп отыратын белгілі бір қаржылық өзара қарым-қатынастар пайда болады. Осы

элементтердің барлығы – бюджет жүйесін ұйымдастыру мен құрудың қағидаттары, оның буындарының өзара қатынастары мен байланыстылық ұйымдық нысандары бюджет құрықтарының жиынтығы - бюджет құрылысын құрайды.

Дүние жүзінің әр түрлі елдерінде бюджет құрылысы мемлекеттік құрылысына, аумақтық-әкімшілік бірлігіне, экономиканың даму деңгейіне және нақтылы мемлекеттің басқа айрықша белгілеріне байланысты өзгешеліктермен ерекшеленеді.

Бюджет құрылысында басты орынды бюджет жүйесі алады, ол экономикалық қатынастарға және құқықтық нормаларға негізделген түрлі деңгейлердегі бюджеттердің жиынтығын білдіреді.

Әр түрлі елдердің бюджет жүйелері өзінің құрылымы, бюджеттердің жекелеген түрлерінің саны жағынан түрліше болып келеді, өйткені олардың аумақтық құрылысы мен оның аумақтық бөлінісіне байланысты болады.

Бюджет жүйесінің құрамы елдің ұлттық-мемлекеттік құрылысымен анықталады. Мемлекеттің федеративтік және унитарлық құрылымы болуы мүмкін.

Федеративті мемлекеттерде бюджет жүйесі үш буыннан тұрады:

мемлекеттік бюджет немесе федералдық бюджет немесе орталық мемлекеттік бюджеті;

федерация мүшелерінің бюджеттері (АҚШ-та – штаттардың, ГФР-да – жерлердің (ландтардың), Канадада - провинциялардың, Ресейде - федерация субъектілерінің бюджеттері);
жергілікті бюджеттер.

Унитарлық (біркелі) мемлекеттерде екі буынды бюджет жүйесі қолданылады: орталық бюджет және толып жатқан жергілікті бюджеттер. Екі жағдайда да бюджеттердің оқшаулану мен дербестігінің түрлі дәрежесі болуы мүмкін, бірақ әдеттегідей, әлеуметтік-экономикалық процестерді басқаруды орталықтандыру деңгейіне байланысты төмендегі бюджеттерге қатынасы бойынша белгілі бір реттеуші рөл орталық бюджетте сақталады.


Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі бюджет құрылымының унитарлық типімен анықталады, өйткені Қазақстан - федералдық емес, басқарудың Президенттік нысаны және сайланатын Парламенті бар унитарлық мемлекет.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі экономикалық қатынастарға және тиісті құқықтық нормаларға негізделген әр түрлі деңгейлердегі бюджеттерді қамтиды.

Қазақстан жиынтығында мемлекеттік бюджетті құрайтын республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттер дербес жұмыс істейді.

1991 жылы Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі түбірлі өзгерістерге ұшырады. Бұған дейін Қазақстанның мемлекеттік бюджеті, басқа одақтас республикалардың мемлекеттік бюджеттері сияқты, КСРО-ның мемлекеттік бюджетіне кірді, онда ел аумағының барлық бюджеттері, соның ішінде ауылдық және поселкалық бюджеттер де қамтылып көрсетіледі. Ол одақтық бюджеттен, 15 одақтас республиканың мемлекеттік бюджеттерінен және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бюджетінен тұрды. Одақтық бюджетке 1970-1990 жж. мемлекеттік бюджет ресурстарының жалпы аумағының 52-50 % тиді, оның 35 % республикалардың республикалық бюджеттерінің және 15 % жергілікті бюджеттердің қарамағында болды.

Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің сызбасы



Қазақстан республикасы мемлекеттік бюджетінің басты бөлігі республикалық бюджетте шоғырланған.

Республикалық бюджет - бұл түсімдер мен бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) есебінен қалыптастырылатын және өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамалық актілер жүктеген міндеттерді жүзеге асыру үшін Үкімет анықтайтын республикалық бюджет бағдарламаларын қаржыландыруға арналған Қазақстан республикасының заңмен бекітілген орталықтандырылған ақша ирры.

Жергілікті бюджеттер (әкімшілік-аймақтық бірліктердің бюджеттері) – облыстық бюджеттер, қалалардың (аудандық маңызы бар қалалардан басқасы), аудандардың (қаладағы аудандарды қоспағанда) бюджеттері.

Қаржы жалпына арналған республикалық бюджет Қазақстан Республикасының заңымен, жергілікті бюджеттер мәслихаттардың шешімдерімен бекітіледі.

Бюджет жүйесінде жұмыс істеуі бюджеттердің әр түрлі деңгейлерінің өзара байланысына негізделеді және оларды әзірлеу, қарау, бекіту, атқару, бақылау тәртібімен, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеппен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мемлекеттік бюджет жүйесіне кіретін барлық бюджеттердің бірлігі, дербестігі, толықтылығы, нақтылығы және жариялығы қағидастарына негізделеді.

Бюджеттің бірлігі бюджет жүйесін ұйымдық-экономикалық орталықтандырудың дәрежесін білдіреді. Бірлік қағидаты КСРО-ның бюджет жүйесінде нәзурлық толық көрінді. Қазіргі кезде биліктің жергілікті органдарының дербестік алуымен және оларға қаржы ресурстарын келену жөніндегі құрықтардың берілуімен байланысты бұл қағида әлсіреді. Бюджеттердің бірлігі ел аумағында қолданылып жүрген мемлекет кірістерінің жалпы жүйесінің өмір сүруінде, мемлекет шығыстарының біркелкілігінде көрінеді. Бұл қағида бюджеттік жоспарлаудың әдіснамасы мен ұйымдастырылуының бірлігіне, оның әлеуметтік-экономикалық болжаумен өзара байланысына кепілдік береді.

Бюджет бірлігі қағидастың міндеті Парламент тарапының бюджеттік қаражаттардың қозғалысына тиімді бақылауды белгілеу болып табылады. Бюджет жүйесінің бірлігі біріншай қаржы саясатын қамтамасыз етуге бағытталған және ең алдымен Қазақстан Республикасы егеменді мемлекетінің жалпы экономикалық және саяси негізін тірек етеді. Ол реттеуші кіріс көздерін пайдалану арқылы барлық деңгейдегі бюджеттердің өзара іс-қимылына, төменгі деңгейдегі бюджеттердің теңгерімділігі үшін оларды қаржылық қолдауға, сондай-ақ ішкі қайта бөлудің мақсатты және аумақтық бюджет қорларын жасауға да негізделген.

Бюджеттердің бірлігі бірінші кезектегі негізбен, Қаржы министрлігі бекіткен бірінші бюджеттік сыныптамамен пайдаланумен, бюджеттің бір деңгейінен басқа деңгейге беріліп отыратын мемлекеттік қаржы статистикасы нысанының бірлігімен, бюджет рәсімінің қағидаттарымен, ақша жүйесінің бірлігімен қамтамасыз етіледі. Бюджет жүйесінің бірлігі салық салытын қоса бірінші әлеуметтік-экономикалық саясат арқылы іске асырылады.

Алайда бюджеттердің бірлігі бюджет жүйесін құрудың маңызды қағидаты болып отырған оның жеке бұйымдарының дербестігін жоюға шығармайды. Бюджеттің дербестігі әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің арасындағы кірістерді бөлудің тұрақты нормативтерін орнықтыру және бюджет қаражатының жұмсалу бағыттарын белгілеу құқығы арқылы қамтамасыз етіледі.

Бюджеттің әрбір органы өз бюджетін жасайды, бекітеді және оны атқарады. Бюджеттердің жеке түрлерінің арасындағы кіріс көздері мен шығыстарды бөлуді шектейтін айқын шарттар белгіленген. Сонымен бірге бюджеттердің барлық түрлерінің шығыстары осы аумақтың (аймақтың) әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерімен және бюджеттің тиісті органдарының нақты функцияларымен, құзырымен анықталады.

Бюджеттің толықтылығы (толықдылығы) бюджетке үкіметтің барлық қаржы операцияларының, оның ішіндегі барлық кірістерін және жасайтын шығыстарын шоғырландыруды, әрбір бап бойынша мемлекеттің барлық түсімдері мен шығыстары ескерілетін бюджетті жасауды білдіреді. Қазақстан Республикасының салық және бюджет заңнамаларында белгіленетін барлық түсімдердің, соның ішінде мемлекеттік ақшалар пакеті бар акционерлік қоғамдардан және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан алынатын түсімдердің толық тізбесінің және шығыстарының бюджеттерде міндетті және толық көрсетуімен қамтамасыз етіледі. Сөйтіп, ол мемлекеттік бюджет пен басқару органдарының барлық кірістері мен шығыстарын бюджетке жинақтап, жұмысшылардың объективтік қажеттігін қамтып көрсетеді. Осыған байланысты барлық ақша түсімдерін, сондай-ақ бюджет шығыстарының көлемі мен нақтылығы бағыттарын айқындау қажет.

Бюджет іске асатындай болуы тиіс, нақты экономикалық және саяси ақуалды, өндірістің даму тенденциясын, жалпы мемлекеттік қажеттілікті есепке алу қажет. Дүниежүзілік практикада бұл қағидат қазіргі кезде оны дәл қолдану бюджетке кірістерінің дербес көздері бар автономды түрде бөліп көрсетуге болатын аса көп шығыстарды жүктейтіндіктен орынды деп есептелмейді. Қазақстанда мемлекеттік қаражаттарды қалыптастырудың ортальқтандырылған әдісі қабылданған, сондықтан 1998 жылдан бастап мемлекеттік бюджетке бюджеттен тыс кірістердің - зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру, жол, қалықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу кірістерінің қаражаттары енгізілген.

Бюджеттің нақтылығына ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауына сәйкес оларды Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының өлшемдеріне сәйкес келтіру арқылы қол жеткізіледі. Сондықтан оның көрсеткіштері көпқұсалық есеп-қисаптармен негізделуі тиіс, бюджеттердің атқарылуына, ведомстволардың өткен кезеңдегі қаржы жоспарларына жасалған терең талдаудың нәтижесі, болжалдық бағалау есепке алынуы қажет. Дүниежүзілік практика бюджет ресурстарының қозғалысын жылдағы жылға, анағұрлым ұзақ мерзімге үлгілеуді, сондай-ақ оларды нақтылы жағдайлардың өзгеруіне байланысты қаржы жылы ішінде түзетуді пайдаланады. Нақтылық қағидатына ең алдымен жеке қаржы жоспарын, сметаларды және жалпы тиісті деңгейдің бюджет жобасын жасау процесінде қол жетеді.

Нақтылық қағидаты бюджет тізімдемесін бұрмалауды болдырмау және бұзылуын жою үшін қажет. Ол бюджетте мемлекеттің қаржы операцияларының шыншыл көрсетілуін, бекітілген сомалардың бюджеттік арналымдардың атқарылуына сәйкестігін алдын ала қарастырады. Нақтылық дамудың болжалдары мен бағдарламаларының көрсеткіштеріне негізделетін және

бюджеттік резервтердің болуымен нығайтылған кірістердің барлық көздері мен шығыстар бағыттарының есебі қисаптарының негізділігімен анықталады.

Бюджеттердің жариялығы бекітілген бюджеттер мен алдағы қаржы жапына арналған бюджет туралы заң мен өткен кезеңдегі олардың атқарылуы туралы есептердің жариялануы арқылы қамтамасыз етіледі.

Жариялылық елдегі адам құқығын, демократиялық өзгерістерді сақтаудың маңызды шарты болып табылады. Бюджет кірістерінің қалыптасуы (ең алдымен салықтар, алымдар арқылы) бюджет ресурстарының бағытталуы сияқты шаруашылық жүргізу субъектілерінің және қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін шалады. Сондықтан олар бюджеттің мазмұны, оны қалыптастырудың көздері, салық төлеулерін алудың тәртібі, сондай-ақ бюджет қаражаттарының бағыттары туралы хабардар болуы тиіс. Президент қол қойған Қазақстан Республикасының Бюджеті заң мәртебесін қабылдайды және оның атқарылуы бюджет ресімінің қатысушылары үшін міндетті болады. Заң өткен кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы есеп бастасыз бетінде жарияланады. Осылайша бюджеттің кірістері мен шығыстарының көлемі, оның негізгі түсім көздері, шығыстарының бағыттары, тапшылық көлемі және оны жабудың әдістері (шығындарды қысқарту, кірістерді көбейту, қарыздар, ақша эмиссиясы) жария етіледі.

Бюджет жүйесін құрудың барлық қағидағтары өзара үйлестірілген және бірін-бірі толықтырып отырады, олар егеменді еліміздің Конституциясында және "Бюджет жүйесі туралы", "Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы", "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" арнайы заңдарда және басқа да заң актілерінде қамтып көрсетілген.

Төменгі-жергілікті бюджеттердің қалыпты және тиімді жұмыс істеуінің шарттары дербестікпен өзгешелік болып табылады.

Барлық деңгейлер бюджеттерінің теңгерімділігі бюджет-қаржы саясатының қажетті талабы болып табылуы мүмкін. Бюджеттерді қарау және бекіту кезінде биік пен басқарудың тиісті органдары бюджеттердің белгілі бір мөлшерлерін белгілеуі мүмкін.

Бюджет тапшылығын ақша әлсіздігі есебінен жабуға болмайтындығы заңмен белгіленген. Бюджет тапшылығын жабудың негізгі нысандары мыналар болып табылады:

мемлекеттік қарыздар шығару;
кредит ресурстарын пайдалану.

Тапшылықты азайту немесе жою мақсатымен севестрлеу - ағымдағы қаржы жылының қалған уақыты ішінде барлық бағдар бойынша (қорғалатындарынан басқа) белгілі бір пайызға мемлекеттің шығыстарын үйлесімді төмендету- пайдаланылады.

Бюджеттердің атқарылуы процесінде севестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесін республика Парламенті мен бәліктің жергілікті органдары анықтал, бекітеді.

1.3. Бюджет балансы. Бюджет тапшылығы.

Әр бюджетте оның кіріс және шығыс бөлігін теңдестірген, яғни балансқа келтірген дұрыс. Баланс – бұл тең-теңдік, бюджетті жасаған кезде негізгі мәселе мемлекеттің ақшалай түсімі мен шығыстарының осындай жай-күйіне жету болып табылады.

Бюджет тапшылығы – бюджеттің шығыс бөлігінің кіріс бөлігінен басым болуын білдіреді. Егер кірістер мен шығыстар тең болса – бұл теңестірілген бюджет. Шығыстар кірістерден көп – теріс айырма – бұл дефицит.

Дефицит әр түрлі болуы мүмкін:

1. экономиканы дамыту үшін әрі мемлекеттік салымдар салу қажеттілігіне байланысты болуы мүмкін.
2. дефицит төтенше жағдайлармен байланысты.
3. дефицит экономикадағы дағдарысты білдіруі мүмкін.

Бюджет тапшылығын төмендетудің мынадай әдістері бар.

- 1) шығыстар тұрақты, кірістер өседі;
- 2) кірістер тұрақты, шығыстар төмендейді;

3) кірістер өседі, шығыстар төмендейді.

Дефицитті қаржыландыру – оны жабу үшін қосымша ақша қаражаттарын іздеу.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың жолдары:

- 1) ақша белгілерінің эмиссиясы
- 2) мемлекеттік зайындар
- 3) шетел зайындары
- 4) ұлттық байлықты пайдалану.

II МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫ

2.1. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымы

Мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жасауы ерекше экономикалық нысандар - бюджеттің кірістері мен шығыстары арқылы болып отырады. Олар құндық бөліністің жеке көздерін білдіреді. Категориялардың екеуі де бюджеттің өзі сияқты объективті және олардың өзгеше ұғамдық арналымы болады: кірістер мемлекетті қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етеді, шығыстар орталықтандырылған ресурстарды жалпымемлекеттік қажеттіліктерге бәйнес бөледі.

Кірістер мен шығыстардың құрамы мен құрылымы нақты әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайларда жүзеге асырылатын мемлекеттік бюджет және салық салмағын жүргізудің бағыттарына байланысты болады. Бұл кезде мемлекет белгілі бір жағдайларда кірістерді қалыптастырудың және шығыстарды жұмсаудың қолайлы нысандары мен әдістерін пайдаланады.

Нарықтық қатынастарға көшкенге дейін КСРО-ның мемлекеттік бюджетінің кірістері мемлекеттік кәсіпорындардың ақша жинақтарына негізделіп келді. Ол бюджет кірістерінің жалпы сомасының 90 % құрады және негізінен екі төлеммен – айналым салығы мен пайдадан алынатын төлемдерден тұрды. Бұл жүйе 1930 жылдан 1990 жылға дейін өмір сүрді. 1980 жылдары енгізілген өндірістік қорлар, еңбек ресурстары және басқалары үшін ақы түріндегі пайдадан алынатын нормативті төлемдер қолданылып жүрген төлемдер жүйесін жеке-дара нәтижелеріне бағытталып отырды.

Дәлдідағыдай, кірістердің көзі салықтар немесе оларға бар-бар төлемдер болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің құрамы мен құрылымы салық төлемдерінің қолданыстағы жүйесімен және салыстырмалы тұрақсыз сипаттағы салықтық емес қаражаттардың түсімдерімен айқындалады.

Бюджет жүйесі туралы заңға сәйкес бюджеттің құрылымы мыналардан тұрады:

- 1) түсімдерден;
кірістерден;
алынған ресми трансферттерден (гранттардан);
бұрын бюджеттен берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтеуден;
- 2) шығыстардан және кредит беруден;
шығыстардан;
кредит беруден;
- 3) бюджет тапшылығынан (профицитінен);
- 4) бюджет тапшылығын (профицитті пайдаланудан) қаржыландырудан

Өз кезегінде кірістер:

- салықтық түсімдер;
- салыққа жатпайтын түсімдер;
- капиталмен жасалатын операциялардан алынатын кірістер болып бөлінеді.

Бюджеттік түсімдердің бұл үш категориясы алынған ресми трансферттер бөлігімен (және бір уақытта санатымен) яғни тауарларды немесе қызметтер көрсетуді сатып алуға, кредиттер беруге немесе өтелмеген борышты төлеуге байланысты емес тегін және қайтарыпмайтын төлемдерден тұрақтырақ.

Бюджеттен берілген кредиттерді өтеу санаты бюджеттік кредиттер бойынша (қайтару негізінде берілген - бұрынғы жылдардағы несиелендіру) мемлекеттік шаруашылық жүргізуші субъектілер тарапынан ақшалай қаражаттардың түсуі болып табылады.

Бюджеттің шығыстар бөлімі функционалдық топтардың шығыстарын қаржыландыруға жұмсалады.

Мемлекеттік борышқа қызмет ету жөніндегі шығыстар "борышқа қызмет ету" функционалдық тобы бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік мекемелерін - әкімдер аппаратын және кіші бағдарламалар – қарыздар бойынша сыйақылар (мүдделер) төлеу және қарыздарды

орналастырғаны үшін комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша Қаржы министрлігін бөле отырып жүргізіледі.

Кейін бюджетке өтеу түрінде қайтаруға жататын, басқа экономикалық бірліктерді несиелендіруге арналған қаражаттар тиісті бөлікте - функционалдық топ болып табылатын несиелендіруге мән беріледі.

Бюджет тапшылығы шығыстар мен бюджеттен қайтарылуды негізде бөлінген кредиттер ауқымының бюджетке түсетін түсімдердің жалпы сомасынан асып түсуін қамтып көрсетеді. Бекітілген республикалық бюджет тапшылығының көлемі ұлттық валютамен және жалпы ішкі өнімге пайызбен, ал облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің тапшылығы ұлттық валютамен көрсетіледі. Ал бюджет профициті – бұл бюджетке түсетін кірістер мен ресми трансферттер түсімдерінің және бұрын бюджеттен берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтеудің жалпы сомасының жалпы шығыстардың және қайтарылудың негізде бөлінетін кредиттердің ауқымынан асып түсуі. Бекітілген бюджет профицитінің көлемі де ұлттық валютамен немесе жалпы ішкі өнімге пайызбен есептеледі.

Мемлекеттік бюджеттің соңғы бөлігі - бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру ішкі және сыртқы мемлекеттік борышты өтеу жөніндегі шығыстарды қамтып көрсетеді. Оның іріс арналымы бар:

1) тапшылық болған жағдайда – ішкі көздерден (Ұлттық банктен, коммерциялық банктен, бажалы қаражаттар сатудан, есепке алу бойынша, шығыстарды жабуға бағытталатын жыл басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары) және сыртқы қарыздардан қаражаттар тарту;

2) профицит кезінде – жоспардан тыс түсімдерді, бірінші кезекте мемлекеттік міндеттемелерді өтеуге немесе бірінші кезектегі бюджеттік бағдарламаларды қосымша қаржыландыруға пайдалану.

Кірістер мен шығыстардың егжей-тегжейлі тізбесі мен топтамасы бюджеттік сыныптамамен айқындалады. Қаржы Министрлігі бекіткен бірінші ай бюджеттік сыныптама – функционалдық, ведомстволық және экономикалық сыныптама бойынша бюджетке түсетін түсімдер мен бюджеттен жұмсалатын

шығыстардың топтастырылуын белгілейтін нормативтік құқықтық акт. Ол кірістердің сыныптамасыздан, шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптағаларынан тұрады. Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджеттің мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларымен, болжамдарымен және бағдарламаларымен, министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдар мен мекемелердің қаржы жоспарларымен тығыз байланысын қамтамасыз етеді; жеке (дара) сметалар мен қаржы жоспарларын құрама сметалар мен жоспарларға біріктіруге мүмкіндік береді, құрама жоспарлар мен бюджеттің жазбаша тізбесі арасындағы үйлесуді қамтамасыз етеді.

1996 жылға дейінгі бюджеттік сыныптама мынадай бөліктерді қамтыды: бөлім, параграф, бап, тарау. Алайда ұзақ уақыт қолданылып келген сыныптама бюджет қаражаттарын жобалаудың, саяси есеп жүргізудің және бақылаудың сондай – ақ бюджет процесін жүзеге асырудың қазіргі заман талаптарына сай болудан қалды. Сондықтан 1996 жылдан бастап ол жаңа қаржықаралық стандартқа сәйкес келетін сыныптамамен ауыстырылды.

Жаңа бюджеттік сыныптамаға сәйкес кірістер енді төрт бөлікке жіктелетін болды, олар: санақ, сынып, ішкі сынып, ерекшелік. Мысалы, бюджеттік кірістері мына санаттарды қамтыды: салық түсімдері; салыққа жатпайтын түсімдер; капиталмен жасалатын операциялардан алынатын кірістер; алынған ресми трансферттер (гранттар); бюджеттен берілген кредиттерді өтеу; жалпы қаржыландыру; бюджеттің қаражаттары қалдықтарының қозғалысы. Қалған бөліктер кірістерді кіріс көздерін неғұрлым төлгіштеу ретінде сыпаттайды. Мысалы, салық түсімдеріндегі сынып – салық тобын, ішкі сынып-салық түрін, ерекшелік – нақты салық төлеушіні немесе салық объектісін білдіреді.

Шығыстарда функционалдық, экономикалық және ведомстволық сыныптама қарастырылған. Функционалдық сыныптама қызмет түрлерінің, шаралардың және бюджет қатынастары қатысушыларының кең көлемді сыпаттамасы болып табылады. Функционалдық сыныптамаға байланысты шығыстар бес бөлімге бөлінеді: функционалдық топ, ішкі функция, мемлекеттік мекеме-

Бағдарламалардың әкімшісі, бағдарлама, ішкі бағдарлама. Аталған деңгейлердің ұлғастырылуы шығыстардың функционалдық сыныптамасының кодын құрайды.

Шығыстардың экономикалық сипаттамасы оларды экономикалық белгілері бойынша төрт бөлімге бөледі: санат, сынып, ішкі сынып, ерекшелік. Санат мыналарды қамтиды: ағымдағы шығыстар, күрделі шығыстар, кредит беру, қаржыландыру. Сынып, ішкі сынып және ерекшелік шығыстардың арналымы мен сипатын нақтылай түседі, мысалы, ағымдағы шығыстарда: тауарлар мен қызметтер көрсетуге жұмсалатын шығыстар - жұмысшылар мен қызметшілердің негізгі жалақысы.

Бюджеттің атқарылуы кезінде екі сыныптаманың негізгі бөлімшелерін қамтитын тоғыспалы сыныптама түріндегі функционалдық және экономикалық сыныптамалардың ұлғастырылуы пайдаланылады.

Ведомстволық сыныптама бойынша шығыстардың атқарылуы мен бюджеттік несиелендіру әкімшілер бойынша бюджет бағдарламаларының, мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Парламенттің шаруашылық басқармасы, Премьер-министрдің Кеңесі, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері, министрліктер, комитеттер, агенттіктер, Қазақстан Республикасының басқа ведомстволары және службалары бойынша топтастыруды білдіреді.

Бюджеттік сыныптама автоматтандыру құралдарын қолданатын басқарудың жоғары жеделдігіне жету үшін түсімдер мен шығындарды жан-жақты, айқын және арнаулы етіп жүйелеуге мүмкіндік береді.

Бюджеттік жоспарлау - мемлекеттің қаржы саясатының талаптарына бағындырылған қаржылық жоспарлаудың маңызды құрамды бөлігі. Мұндай жоспарлаудың экономикалық мәні елдің жалпыұлттық әлеуметтік-экономикалық дамуы негізінде түрлі деңгейдегі бюджеттерді жасау мен олардың атқарылуы процесінде бюджет жүйесінің буындары арасында қоғамдық өнімнің құны мен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлуде болып отыр. Бюджеттік жоспарлау барысында қаржы елдің дамуының экономикалық

және сапалық көрсеткіштеріне және табиғи, материал, еңбек және қаржы ресурстарына белсенді ықпал жасайды.

Бюджеттік жоспарлаудың бірлігі мыналарға негізделеді:

1) республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесін қалыптастыруға;

2) заңнамалық актілер мен кірістерді республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлу нормативтерін, облыстық өкілді органдардың шешімдерімен – кірісті облыстық бюджет пен аудандар (қалалар) бюджеттерінің арасында бөлудің тұрақты нормативтерін белгілеуге;

3) заңнамалық актілермен республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялардың және облыстық бюджеттерден Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке берілетін бюджеттік алымдылардың ұзақ мерзімді мөлшерін, облыстық өкілді органдардың шешімдерімен – облыстық бюджеттен аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне берілетін субвенциялардың және аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджетке берілетін бюджеттік алымдылардың ұзақ мерзімді мөлшерін белгілеуге;

4) Қаржы министрлігімен келісе отырып, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне түсетін түсімдер сомасын анықтауға;

5) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда және жергілікті бюджет туралы жергілікті өкілді органдардың шешімдеріне облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимитін белгілеуге;

6) Үкімет белгілейтін тәртіп пен жергілікті атқарушы органдар тарапынан қарыздар жөніндегі сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін белгілеуге.

Қазақстан Республикасының экономикасы басынан кешіріп отырған нарықтық қатынастарға көшу кезеңі оның бюджетінің мазмұнына, кірістері мен шығыстарына айтарлықтай ықпал етіп отыр. Бюджеттің, әсіресе оның шығыстарының абсолютті және относителді тез өсуі оған тән сипат болып

отыр. Бұл инфляциялық процестерден және егеменді мемлекеттің функцияларының көбеюінен Қазақстанның ішкі және сыртқы қауіпсіздігіне зиян қамтамасыз ету қажеттігінен туып отыр.

Бюджеттің кірістері – бюджетке қайтарылмайтын негізде салықтардан, алымдардан және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден алынатын түсімдердің, сондай-ақ капиталмен жасалатын операциялардан түсетін кірістердің көлемі.

Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" заңына сәйкес республикалық бюджетке түсетін түсімдер мыналарды қамтиды:

1) республикалық бюджеттің кірістерін, олар мыналардан тұрады:

а) салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдердің түсімдерінен (корпорациялық табыс салығы; қосылған құнға салынатын салық; импортқа салынатын акциздер; жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары; әкелінетін тауарларға салынатын кеден бажы, әкелінетін тауарларға салынатын баж салығы және басқа салықтар, алымдар мен төлемдер);

ә) салыққа жатпайтын түсімдерден (республикалық мемлекеттік кәсіпорындар пайдасының үлесі; Ұлттық Банк кірісінен алынатын түсім; Үкіметтің депозиттері бойынша алынған сыйақылар (мүдделер); республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге тиесілі мүліктерді сатудан түсетін түсімдер; республикалық меншік болып табылатын акциялар бумаларына түсетін дивидендтер; мемлекеттік потерелардан алынатын кірістер (жергілікті өкілді органдарының шешімдері бойынша өткізілетін потерелардан алынатын кірістерді қоспағанда); жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалануға бергені үшін төлемдер; республикалық бюджеттен кредиттер берілуі үшін алынған сыйақылар (мүдделер); республикалық меншікті мүлікті жалға беруден алынатын түсімдер; тәркіленген мүлікті, белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер, соның ішінде мемлекеттің пайдасына бас тартудан кеден режимінде рәсімделген тауарлар мен көлік құралдары;

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлдіжаттары мен жеке куәліктер бергені үшін төлем; мемлекетке өткен мүлкті, заңсыз алынған мүлкті өз еркімен талпырудан немесе оны өндіріп алудан немесе мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға немесе оларға тағестірілген тұлғаларға заңсыз көрсетілетін қызметтердің құнын өндіріп алудан алынатын сомалардың түсімдері; өнімдерді лицензиясыз әкелгені үшін төленетін айыппұл сомаларының түсімдері; лицензиялық тәртіп белгіленген казино, тотализаторлар мен ойын бизнесі қызметтерінен алынған кірістерді қоспағанда, өзіне лицензиялық тәртіп белгіленген лицензиясыз қызметтен алынған кірістерден түсетін түсімдер; аққушы сандық; басқа да салыққа жатпайтын түсімдер);

б) капиталмен жүргізілетін операциялардан алынатын кірістерден: мемлекеттік резервтерден алынған тауарлар үшін берешекті өтеуден және мемлекеттік қордан астық сатудан алынатын түсімдерден;

2) мына төмендегілерден алынған ресми трансферттерді (гранттарды):

заңды және жеке тұлғалардан немесе шет мемлекеттерден;

бюджеттік алымындардан;

3) республикалық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтеуден.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет кірістерінің құрамы мен құрылымы мына мәліметтермен сипатталады.

Мемлекеттік бюджет кірістерінің көлемі мен құрылымы

(млн теңге)

	2003 ж	2004 ж	2005 ж
I. Кірістер	1004566	1286734	2098511
Салықтық түсімдер	947251	1186137	1998314
Салыққа жатпайтын түсімдер	44813	81500	66016
Капиталмен жүргізілетін операциялардан алынатын кірістер	12502	19096	34182
II. Алынған ресми трансферттер (гранттар)	-	-	-
III. Бұрын бюджеттен берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтеу	17890	18390	11351

Кестеден көрініп тұрғандай, кірістердің негізін салықтық түсімдер құрап отыр (қосылған құнға салынатын салық, корпорациялық табыс салығы, әлеуметтік салық, жеке табыс салығы және т.б.). Бұл кестеден біз салықтық түсімдердің жылдан жылға көбейіп жатқанын көріп отырмыз. Мемлекеттік бюджет кірістерінің басқа көзі – салыққа жатпайтын түсімдер.

Бюджеттің шығыстары – бұл бекітілген бюджет шегінде қайтарылмайтын негізінде бөлінетін қаражаттар.

Республикалық бюджеттің қаражаттары: жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсетуді (заң шығарушы және басқа функцияларға кірмей қалған өзге де органдарды қаржы және салық-бюджет саясатын, сыртқы экономикалық қызметті, іргелі зерттеулерді және басқаларын); қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуді; қауіпсіздікті қамтамасыз етуді; республикалық деңгейдегі жалпы орта, орта кәсіптік және қосымша білімді; республикалық деңгейде азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін;

зақ актілеріне сәйкес республикалық бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды алатын азаматтардың санатына осы жәрдемақыларды, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды, зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды жерлеуге берілетін жәрдемақыларды, республикалық деңгейдегі әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек саласындағы қызметті; республикалық деңгейдегі мәдениет, спорт және ақпарат саласындағы қызметтерді; ауыл, орман, су және балық шаруашылығының басым бағдарламаларын; көші-қон саласындағы қызметті; қоршаған табиғи ортаны қорғау жөнінде республикалық деңгейде жүргізілетін шараларды; республикалық деңгейдегі өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілері саласындағы арнайы бағдарламаларды; фельдъегерлік байланысты; республикалық деңгейдегі жобалау-іздістіру жұмыстарын; республикалық маңызы бар жол жүйесін пайдалануды, сауды және жаңғыртуды; гидрометеорологиялық мониторингті; үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды; мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауды; жергілікті бюджеттерге республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттерді және басқа республикалық бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалады.

Сондай-ақ жоғарыда аталған қызмет түрлерін жүзеге асыратын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін, олардың аумақтық бөлімшелерін және мемлекеттік бағыныштағы мекемелерді ұстауға арналған шығыстар да республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін ұстауға арналған шығыстар Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен бекітілген штат саны лимиті мен үкіметтің актілерімен бекітілген мемлекеттік органдардың топтары бойынша бір қызметкерге жұмсалатын жылдағы шығыстардың нормативтері негізіне алына отырып белгіленеді және оларды республикалық бюджеттен басқа, өзге де қаржыландыру көздері есебінен ұстауға жол берілмейді.

Республикалық бюджеттен шығыстар мен кредиттердің жекелеген бағыттары бойынша немесе жекелеген республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнарыдан басқа, өзге де нормативтік құқықтық актілерде шығыстар мен несиелендірудің ең аз, шақти немесе тіркелген мөлшерлерін белгілеуге жол берілмейді.

Республикалық бюджеттің сыртқы экономикалық қызметпен байланысты және ұлттық валютаның айырбас бағамының (курсының) жоспарланған өзгерісіне сәйкес белгіленген қаражаты ұлттық валютаның бөлінген кезеңдегі ресми айырбас бағамы бойынша жұмсалады.

Нарықтық жағдайларға көшу жағдайында республикалық бюджет шығыстарының құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда – ұлттық шаруашылықтың ең алдымен ортальқандырылған күрделі жұмсалымдарға жұмсалатын бюджет қаражаттары шұғыл қысқаруда. Жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік кәсіпорындардың едәуір бөлігі акционерлік қоғамдарға өзгерді, олар ұлт айналы ұдайы өндірісті, қаржы рыногінде жұмылдырылған меншікті қаражаттар мен ресурстар есебінен жүзеге асыруы тиіс.

Алайда, нарықтық механизмдердің іс-әрекеті жағдайында да жеке салалар мен аумақтарды, мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды, экономикалық мемлекеттік секторын бюджеттен қаржыландыру өзінің шешуші маңызын сақтап қалуда.

Экономика мен әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыру шығыстарының едәуір бөлігі төменгі бюджеттерге субвенциялар нысанында беріледі.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган Үкімет атынан республикалық бюджетке көзделген сомалар шегінде кредиттер бере алады. Кредиттер берудің тәртібі мен шарттарын Үкімет белгілейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі заңды, жеке тұлғалардан және шет мемлекеттерден республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша қарыз алуға құқылы.

Үкіметтің қаражатты қарыз алуы қарыз алу немесе мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару шарттары нысанында жүзеге асырылады. Қарыз шарттарын жасаудың және мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудың тәртібі мен ережелерін Үкімет белгілейді.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің ұсынысы бойынша республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге қасалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерді несиелендіру үшін тиісті қаржы жыпына арналған республикалық бюджетте көзделген арнаулы резерв шегінде Үкімет шешімінің негізінде бюджеттік кредиттер бере алады.

Бұрынғы кезермен салыстырғанда шығыстардың құрылымында бюджеттік ресурстардың әлеуметтік бағыттылығы арта түсуде. Республикалық деңгейдегі білім беруді, денсаулық сақтауды, әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыруды және басқа бағдарламаларды қамтитын әлеуметтік – мәдени шараларға жұмсалатын тиелі шығындар барлық шығыстардың 60 %-нан асып отыр. Сонымен бірге өкілсіз мақсаттардың: басқаруға, армияға, құрық қорғау органдарына, үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге, дипломатиялық мекемелерді ұстауға, дүниежүзілік қызғалдастыққа бірінхен шараларды жүргізу квоталары бойынша жарналарға және т.с.с. жұмсалатын шығындарда өсуде. Бұл мақсаттарға жыл сайын бюджет қаражаттарының 1/3 бөлігі жұмсалады.

Сөйтп, жалпы мемлекеттік мәні бар шараларды қаржыландыруды қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз ететін республикалық бюджет елдің экономикалық процесін реттеуде ара маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге республикалық бюджеттің жоғары маңыздылығы жергілікті бюджеттердің рөлін төмен түсірмейді. Тап солар биліктің жергілікті органдарының өздерінің функцияларын орындауын қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етеді, халықтың тұрмыстық әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тиісті аймақтың азаматтарының материалдық және мәдени дәрежесіне айтарлықтай ықпал етеді.

Рынокқа өтпелі кезеңде бюджет жүйесінің барлық дербес буындары жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қоғамдық өндірістің құрылымдық арақатынастарын жақсартуға ықпал етеді, нарықтық инфрақұрылымды дамыту және азаматтардың әлеуметтік кепілдерін қанағаттандыру үшін ұлттық табысты қайта бөлудің белсенді құралы болуы тиіс. Еңг тек салықтардың ынталандырушы рөлін күшейту, бюджеттен қаржыландырудың және қаражаттарды пайдаланудың прогрессивті нысандарын, әдістерін қолдану жолымен бюджет ресурстарын қалыптастырып, жұмсау кезінде жоғары тиімділікке қол жеткізу жағдайында ғана мүмкін. Сонымен қатар бюджет рәсімін, барлық деңгейлердегі бюджеттер арасындағы, сондай-ақ мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы қаржылық өзара қарым-қатынастарды одан әрі демократияландыру мен жетілдіруді қажет етеді.

2002 жылдан бастап елдің бюджеттік бағдарламаларының аяғындағы және даму бағдарламаларына байланысты мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігін де аяғындағы шығыстардың бюджеті және даму бюджеті етіп бөлу практикасы қолданылды. Даму бюджетіне инвестициялық және инновациялық қызметті қаржыландыруға жұмсалатын қаражаттар және ұдайы өндірістен байланысты басқа да шығыстар қалтылады. Аяғындағы бюджетте қолданылып жүрген нормалардан және әлеуметтік қалтамасыз етудің қалыптасқан деңгейінен туындайтын барлық шығыстарды шоғырландыру қарастырылған. Ол түгелдей бюджетке шоғырланатын халықтың ақша қорлары мен түсімдерінің өсуі есебінен баланстаған. Даму бюджетінде ұлғаймалы ұдайы өндірістің қажеттіліктерімен, жаңа әлеуметтік-экономикалық шараларды орталақтандырылған қаржыландырумен байланысты шығыстарды біріктіру көзделген.

2.2. Қазақстан республикасының мемлекеттік бюджеті

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің атқарылуы

(млн. теңге)

	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Табыстар	1004566	1286734	2098511
Салық түсімдері	947251	1186137	1998314
одан:			
корпорациялық табыс салығы	272632	382814	834332
қосылған құн салығы	231338	242955	343926
акциздер	26986	29913	33416
жеке табыс салығы	93281	98535	122999
әлеуметтік салық	157676	167995	197300
Салықтан тыс түсімдер	44813	81500	66016
Капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыс	12502	19096	34182
Алынған ресми трансферттер	0	0	0
Кредиттерді қайтару	17890	18390	11351
Шығындар	971959	1287938	1946128
одан:			
жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	62287	83387	103786
қорғаныс	47483	58011	78663
қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	91593	118564	152904
Білім беру	148989	190748	256935

денсаулық сақтау	89781	131183	185456
әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	239229	272333	345356
мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	33788	43949	57076
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	34544	69058	118326
отын-энергетикалық кешен	5596	21319	24839
ауыл, су, орман және балық шаруашылығы, балық аулау, аңшылық және қоршаған ортаны қорғау	44658	64520	64560
өнеркәсіп және құрылыс	3896	2353	5215
көлік және байланыс	82113	104587	119476
өзгелері	37067	40978	33933
борьшты өтеуге қызмет көрсету	35437	34970	30344
ресми трансферттер	12497	9310	369258
Бюджеттік кредиттер	41447	35611	18590
Тапшылық (-), профицит (+)	-46183	-18697	46662

--	--	--	--

Кестеден көрініп тұрғандай, кірістердің негізін салықтық түсімдер құрап отыр (қосылған құнға салынатын салық, корпорациялық табыс салығы, әлеуметтік салық, жеке табыс салығы және т.б.). Салықтық түсімдер жылдан жылға өсіп келе жатыр. Ал шығындардың көбісі әлеуметтік көмекке жұмсалып отыр. Кестеден көрініп тұрғандай, бюджеттік кредиттер жылдан жылға азайып келе жатыр.

Қазақстан республикасы қаржы министрлігінің мәліметтеріне сәйес, 2005 жылдың 1-ші желтоқсанына табыс көлемі 1818,7 млрд.тенге, шығындар – 1589,1 млрд. тенге, операциялық сальдо 229,6 млрд. тенгені құрады. Таза бюджеттік кредиттерге 6,5 млрд. тенге, ал сальдоға операциялар бойынша қаржы активтерімен – 86,8 млрд. тенге келеді. Бюджет профициті 136,3 млрд. тенге деңгейінде орналасы. 2004 жылдың осы периодтың көрсеткіштерімен салыстырғанда табыс көлемі 54,1 %-ға, ал шығындар 36,3 %-ға көбейді.


1.12.2005 ж. бюджеті жылдық орындалуы бойынша табыс – 102,3 % , мемлекеттік бюджеттің шығындары – 88,2 %

Салық түсімдері структурасында негізгі бөлігі корпорациялық табыс салығы – 39,3 % (680,6 млрд. теңге) және ҚҚС – 18,7 % (323,3 млрд. теңге). Ең бөп түсімдер осы салық түрлерінен, бұл 2004 жылдың осы периодымен салыстырғанда 2,2 есе көп, сәйкесінше 32,8 %

Әлеуметтік қызметтердің шығындар бөлігі 47,1 %, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге және ирғаньсқа 18,4 %, экономика салаларына 18 %, официалды трансферттерге 12,8 %, өзгелеріне 1,9 %, кредит беруге 1,8 %, бүкіл бюджеттің шығындар көлемінен.

1.12.2005 жылғы мемлекеттік бюджет шығыстарының құрылымы

(% түрінде)



Қазардан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев үкіметке 2006 жылы мемлекеттік шығындарды көбейтпеуін талсырды. Бұл талсырысты ол 23 қаңтарда жаңа министрлер кабинетімен кездесуінде айтты. «Барлық

дәрежелердегі әкімдердің және депутаттардың дәлелденбеген талаптарды қамтамасыз етуі экономика және бюджетті жоспарлау министрлігіне норма болып қалды. Алғаш рет өткен сессияда бюджетке \$ 300 млн жоспарланбаған шығыстарға 400 өзгертулер енгізілді» - деп Н.Назарбаев айрықша атап өтті. «Шығыстар дәлелденген және есептелген болуы керек» - деді ҚР президенті. «Мен бұл сұраққа үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етемін. Барлық шығыстар саналуы керек, мемлекеттік шығыстардың көбеюіне жол бермеу керек. Ең алдымен ақшаны басты мақсатқа жетуге - әлемнің 50 бәсеке елдердің қатарына кіруге бағыттау керек» - деп Н.Назарбаев ерекше атап өтті.

2.3. 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы заң

2006 жылға арналған республикалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 1 468 228 079 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер - 1 302 870 000 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер - 37 692 594 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 8 185 895 мың теңге;
 - ресми трансферттердің түсімдері - 119 476 590 мың теңге;
- 2) шығындар - 1 476 210 603 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - -7 985 524 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік кредит беру - 16 578 146 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 38 193 533 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 21 615 387 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 89 200 554 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу - 91 200 554 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 2 000 000 мың теңге;

6) тапшылық - 113 764 224 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 1,4 проценті;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 113 764 224 мың теңге.

2006 жылға арналған республикалық бюджетте 10 617 223 мың теңге сомасында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттер көзделсін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылға арналған резерві 16 358 913 мың теңге сомасында бекітілсін.

2006 жылға арналған республикалық бюджетте бұрынғы жылдардың міндеттемелерін орындауға 1 578 773 мың теңге сомасында бекітілсін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, мемлекеттік бюджет - араларындағы өзара өтелеін операцияларды есепке алғанда, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында:

«Біз Қазақстанның жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес дамып келе жатқан ел болуын қалаймыз. Әлемдегі жасалған жаңа мен озық атаулыны бойына сіңірген, дүниежүзілік шаруашылықтан шағын да болса өзіне лайық «орнын» иемденген, әрі жаңа экономикалық жағдайларға жылдам бейімделуге қабілетті ел болуын қалаймыз» - деді.

Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарына көре білудің маңызы зор.

Сонымен, экономикалық категория ретінде мемлекеттік бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоралдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоралдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процесінде мемлекет пен қоралдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттік бюджет біздің елімізге қажетті және маңызды. Бюджет қаражаттарының әлеуметтік бағытталушылығының зор маңызы бар. Әлеуметтік саясаттағы басымдықтар - қарықтың табысы аз жіктерін (зейнеткерлерді, мүгедектерді, аз қамтыған от бастарын) қолдау, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелерінің жұмыс істеп тұруы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қаржы» Ілиясов Қ.Қ., Құлшыбаев С., Алматы 2003 ж.
2. «Қаржының жалпы курсы» Мельников В., Ли В.
3. «Kazakhstan today» газеті
4. «Жетісу» газеті, № 26, 4 наурыз 2006жыл
5. ҚР. статистика агенттігі «Республика Қазақстан», Алматы 2005
6. ҚР. статистика агенттігі «Қазақстан цифрларда» 2005
7. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі
8. 2006 жылға арналған Республикалық бюджет туралы заң